

Бекітемін
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
Балабақпасының меңгерушісі:
А.И.Хожамұратова



Ашық оқу іс-әрекеті
«Түстер әлемі»
Сәуір айы



0

Тәрбиешілер: Абилдаева Ж.
Тұрсынбай У.

2020-2021ж.

Шымкент

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сенсорика

Тақырыбы: «Түстер әлемі»

Мақсаты: Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, сары, көк, жасыл.

Білімділік: Түстерді ажырата білуге баулу. Түстер туралы білімдерін кеңейту. Түстері бойынша топтастыру.

Дамытушылық: Балалардың коммуникативтік – ақпараттық құзіреттілігін молайтып, ой – түйсігін қиялын дамыту. Сенсорлық ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды ұқыптылыққа, байқампаздыққа, жұмысын аяғына дейін орындауға тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалармен сәлемдесіп, шаттық шеңберін жасау. Топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық! Жаса, жаса алтын күн! Жаса, жаса жарқын күн!	Балалар қимыл-қозғалыспен шаттық шеңберін жасайды
Ұйымдастырушы ізденушілік	Тәрбиеші тақтаға күн мен бұлттың суретін іледі. Балалар қараңдаршы бұл не? Күн мен бұлттың түсі қандай? Иә, балалар дұрыс айтасындар, күннің түсі сары, бұлттың түсі көк. Ендеше балалар, бүгін біз сендермен түстер әлеміне саяхат жасаймыз. Балалар қараңдаршы, бүгін бізге Айсұлу және Айжан атты қуыршақтар қонаққа келіп отыр екен. Олар сендерге тапсырмалар алып келіпті.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Күннің түсі сары Бұлттың түсі көк
	Бірінші тапсырма:	

	Айсұлу мен Айжан шеңбердің ішіндегі доптарға жету үшін жасыл және сары түсті жолақтардан жол салып беруді сұрайды. Балалар тапсырманы орындайды. Айсұлу мен Айжан жолдан жүріп өтіп, доптардың жанына барады. Бірақ доптардың барлық түстері араласып кетіпті. Екінші тапсырма: Доптарды түстері бойынша ажырату, топтастыру. Сары шеңбердің ішіне сары түсті доптарды салу, көк түсті шеңбердің ішіне көк түсті доптарды салу. Балалар тапсырманы орындайды. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Алақанды соғамыз. Жоғары – төмен қараймыз Топылдатып басамыз. Доптармен жаттығу жасау. Допты алақанға салып, домалату.	Балалар қызыға ойнады. Балалар тапсырманы орындады Балалар сергіту сәтін жасады. Жаттығуды қызыға орындады.
Рефлексиялық қортындылаушы	Балаларды мақтау, мадақтау	

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: түстерді ажырата біледі.

Қандай түсініктері қалыптасты: Балалар тапсырманы орындады.